



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/390 от: 03.03.2017

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2017 жылғы 2 ақпандағы
№ ДС-30

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ЭКСПО-2017 көрмесі қарсаңында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласын дамытуға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» акционерлік қоғамы халықаралық мамандандырылған көрмесінің қатысушылары мен қонақтарына арналған 73 туристік маршруттар тізбесін дайындап, Түркістан қаласы бойынша 2 туристік маршрут енгізілуде (*тарихи-мәдени мұра объектілеріне баруға 3 және 8 күндік туристік маршруттар*).

Бұдан басқа, Оңтүстік Қазақстан облысының туроператорымен («Жаңа Талап» ЖШС) ЭКСПО-2017 билеттерін туристік пакеттер құрамында сату бойынша шарт жасалып, ағымдағы жылғы сәуір айында роуд-шоулар мен ақпараттық турлар өткізу жоспарлануда.

2017 жылғы 1 наурызға дейін Түркістан қаласында 4 қонақ үйді іске қосу күтілуде. Жалпы көрменің қонақтарын орналастыру үшін 15 қонақ үй қызмет көрсетуге дайындалуда. Олардың орналастыру мүмкіндігі тәулігіне 900-ден астам адамды қамти алады.

Сонымен бірге 2017 жылы Түркістан қаласында әлеуметтік-тұрмыстық саланы дамытуға 3 614,4 млн. теңге бөлінді (*оның ішінде объектілерді салуға 3 123,7 млн. теңге, күрделі жөндеу жұмыстарына 287,3 млн теңге, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 141,5 млн. тг.*).

Облыстық әкімдік Түркістан қаласында туристерге қызмет көрсету объектілерін салу шеңберінде Қ.А. Яссауи кесенесі аумағын абаттандыру

және дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеп, Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы қоғамдық кеңестің келісімін алды.

Бұған қоса, облыстық әкімдік Түркістан қаласында тарихи-танымдық туризмді одан әрі дамыту мақсатында Түркістан қаласын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес Қ.А. Яссауи кесенесінің маңындағы 99,6 га жер учаскесін 3 кезеңге бөліп, «Туристік этнографиялық демалыс аймағы», «Көне Түркістан қалашығы тарихи-этникалық және мәдени орталық кешені» және басқа да іс-шараларын көздеп отыр.

Бұл ретте, көрсетілген іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі «Нұрлы жол» инфрақұрылым дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Туристік этнографиялық демалыс аймағы» (3 600 млн. теңге), «Көне Түркістан қалашығы тарихи-этникалық мәдени орталық» инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылыстарын (569 млн. теңге) қаржыландыру бойынша облыс әкімдігінің ұсынысын қарауда.

Жоғарыда жазылғанның негізінде, Түркістан қаласында тарихи-танымдық туризмді одан әрі дамыту үшін Үкімет «Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін реставрациялау мен салу» республикалық бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Қ.А. Яссауи кесенесін, Түркістан тарихы музейін, Жәудір, Сауран қалашықтарын мәдени-туризм объектілеріне айналдыру жөніндегі жұмыс атқарылды.

Бұдан басқа, Түркістан қаласының басқа да ескерткіштерін реставрациялау мен консервациялау жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Б. Сағынтаев